

ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тілдің эволюциялық сақталуы мен
дамуындағы балалардың рөлі



«Балалар қалай сөйлеуді үйренеді?» деген өткен тақырыпта біз Стивен Пинкердің осы мәселе бойынша айтқан тұжырымдамаларына тоқталдық. Сол мәселенің жалпы түйіні – балалардың сәбилік кезіндегі тілдік интеллектісі, адам тілінің эволюциялық сақталуы мен дамуындағы балалардың ерекше рөл атқаратындығы. Осы арада Стивен Пинкер «Тілдің өмір сүруін оны меңгерген балалар қамтамасыз етеді», – деген пікірі жас ұрпақтың рөлін арттыра түседі.

«Бұл рөлдің мәні неде? Жаңадан өмірлі келіп, тіл әлемімен енді танысып жатқан сәбилер тілді қалайша сақтап қалады? Стивен Пинкердің түйінінің негізі қайда жатыр?» деген сұрақтардың тууы күмән келтірмейді.

Лингвисттер кей тілдерде тек үлкендер ғана сөйлейтінін көрсе, олар оның тынысы біткенін біледі. Сондықтан олар адамзат тарихына төнген трагедия туралы ескертеді. Осыдан Стивен Пинкердің және оның әріптестерінің «Тілдің өмір сүруін оны меңгерген балалар қамтамасыз етеді» деген пікірлерінің өзегі осында шығар.

Лингвист Майкл Краусстың бағалауы бойынша, солтүстік Америка индеецтерінің 150 тіліне қолданыстағы тілдердің шамамен 80%-ы жойылып кету қаупі төнген. Қалған тілдерге қатысты ғалымдардың есебі де көңіл жабырқатады: Аляска мен солтүстік Сібірде 40 жоғалып бара жатқан тіл (қолданыстағының 90 %-ы), Орталық және Оңтүстік Америкада – 160 (23%-ы), Ресейде – 45 (70%-ы), Австралияда – 225 (90%-ы), барлығы әлемде шамамен – 3000 (50 %-ы). Тек саны ең аз дегенде, айталық, шамамен 100 000 (дегенмен бұл тіл өміршеңдігінің тіптен аз мерзіміне де кепіл бермейді) болуы керек сөйлейтіндер санының көптігінің арқасында 600 тілге алаңдамауға болады, дегенмен де бұл оптимистік қорытынды әлемде қолданыстағы 3 600–5 400 тілдің 90%-ы келесі жүзжылдықта жоғалып кету қаупі бар деп топшылайды.

Әлемдік деңгейде тілдердің мұндай жойылуы қазіргі кездегі жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің (алайда оның ауқымы соншалықты көп емес) жойылуын еске түсіреді. Бұл құбылыстардың себептері өзара қиысады. Тілдер жойылады, себебі бұл тілде сөйлейтіндердің табиғи тіршілік ортасы бұзылады немесе оларға қарсы геноцид жасалады, оларды мәжбүрлі түрде ассимиляцияға душар етеді немесе ассимиляциялық оқулар енгізеді, демографиялық араластырады және Краусс «мәдениеттің жүйке-салдық газы» деп атаған электронды бұқаралық құралдармен бомбылайды. Мәдени аннигиляцияның әлеуметтік және саяси себептерінің көбін жоюдан басқа, біз бұл тілдерде педагогикалық материалдарды әзірлеу, әдебиетке және телехабарға қолдау көрсету арқылы кейбір тілдердің жойылуын тоқтата аламыз.

Тілдің жойылуын тілдердің грамматикасын, олардың лексикалық құрамын, олардың мәтіндерін және мұрағат арқылы сөйленіс үлгілерінің жазбасын сақтау, оқу орындарында сол тілде сөйлейтіндерге арнайы орындар бөлу арқылы тоқтатуға болады. Кейбір жағдайларда, мысалы, XX ғасырдағы иврит, тілді ұзақ уақыт ресми және ғұрыптық мақсатта онда сақталған құжаттармен бірге пайдалану, ниет болса болды, оны жандандыруға жеткілікті.

Жер бетінде әр биологиялық түрдің сақталатынына толық үміт арта алмайтынымыздай, біз әр тілді сақтай алмаймыз, мүмкін, мұны жасаудың да қажеті жоқ шығар. Осыған байланысты моральдық және практикалық мәселелер күрделі. Тілдік айырмашылық дау-дамайдың зор сылтауы болуы мүмкін. Егер де қандай да бір ұрпақ оған экономикалық және әлеуметтік дамудан үміттендіретін көпшілік тіліне көшкісі келсе, өзгелер бұл ұрпақты ескі тілдің сақтаушысы ретінде қабылдауы сүйсіндіретіндіктен ғана, бұл адамдарды мұны істемеуге мәжбүрлеуге құқығы бар ма? Бұл күрделілікті ысырып қойып, 3 000 тілдің жойылып кету қаупі тұрғанда, біз көптеген күтілетін өлім қажет емес және оларға жол бермеуге болатынына сенімдіміз.

Тілдерге қауіп төніп тұрғанда, неліктен адамдар немқұрайлылық танытуы тиіс? Лингвистика және оған бағдар беретін ми мен сана туралы ғылым үшін тілдік алуан түрлілік бізге тілдік түйсіктің аумағы мен шегін көрсетеді. Егер үйрену үшін бір ағылшын тілі қалса, біз ие болатын тек бұрмаланған көрініс туралы ойланып көріңіздерші. Антропология мен адамның тілдер бойынша эволюциялық биологиясы үшін тілдің бір түрінің тарихы мен географиясын зерттеп, тексеруге болады және тілдің жойылуы (айталық, тарихи түбірі Кавказдан шыққан, ертеректе Жапонияда жұмбақ адамдар сөйлеген айну тілі) тарихи құжаттарымен кітапхананы өртеуге немесе біртектес жасақтағы соңғы биологиялық түрдің құрып кетуіне ұқсас болуы мүмкін. Дегенмен тек ғылыми себептер ғана емес. Краусс жазғандай: «Кез келген тіл бірегей ұжымдық



адами даналықтың ең жоғары жетістігі, жанды ағза сияқты таңғажайып және шексіз құпия». Тіл – бұл қандай да бір мәдениеттің әдебиеті, өлеңі мен әнінен ешуақытта бөлектене алмайтын ақпаратты жеткізу тәсілі. Біз қарды білдіру үшін көп сөз қолданатын эскимос тіліне қарағанда, аңқылдақ адамды білдіру үшін ең көбірек сөзді қолданатын идиш сияқты қазынамыздан айырылып қалу қаупі алдында тұрмыз немесе дамин тілі – бір күн ішінде жаттап алуға болатын, 200 сөзден тұратын ерекше лексиконға ие, алайда олардың көмегімен күнделікті сөйленістегі ұғымның толық шоғырын беретін лардил Австралия тілінің ғұрыптық нұсқасы. Мұны лингвист Кен Нейл: «Тілдің жоғалуы – бұл біздің әлем басынан кешіретін жалпы ортақ жоғалтудың бөлігі», – дейді.

Білімділік немесе бір нәрсені үйренуге қабілетті болу – бұл ерекше мәселе. Пинкер мұны түсіндіруде адамзаттың биік интеллектісіне негізделеді. Үйренуге қабілетті болу жердегі тіршіліктің барлығына тән нәрсе, тіпті, бактерия сияқты ең қарапайым организмдерге де тән.

Джеймс пен Хомский пайымдауынша, адамның интеллектісі инстинктің көптігіне байланысты. Үйренуге қабілетті болу – өте қажетті процесс.

Мысалы, аралдарда ұя салатын құстар өз тұқымын тануға үйренбейді. Оларға мұның қажеті жоқ. Себебі көлемі мен түрі сәйкес келетін олардың ұясындағы кез келген түйіршік олардың балапаны болып шығады. Керісінше, үлкен мекенде ұя салатын құстар кездейсоқ қыстырылып келген көршінің балапанын тамақтандыруы мүмкін. Сондықтан оларда эволюция барысында өз тұқымының ерекше қасиетін есте сақтауға мүмкіндік беретін механизм қалыптасқан.

Эволюциялық теория мен оның дұрыстығын дәлелдеген компьютерлік моделдеу қоршаған орта тұрақты болса, жүре біткен дағдылар туа біткенге айналу үшін барлық өспелі процесс бар екендігін көрсеткен. Қабілет туа біткен болса, ол организм өмірінде ертерек байқалуы мүмкін және үйренуі қажет болған білімі болмағандықтан организмнің сәтсіздікке ұшырау ықтималдығы аз болғандықтан бұл орын алған.

Тілді ішінара үйренудің екінші себебі – бұл сізде басқа адамдар ажырататын белгісінің болуы. Егер сіз жалғыз өзіңіз ғана білсеңіз, туа біткен грамматиканың пайдасы жоқ. Бұл танғоны жалғыз билеу, бір қолмен шапалақтау дегенді білдіреді. Алайда басқа адамдардың геномдары олардың балалары туғанда түрленеді, өзгерісті бастан өткізеді және жаңадан қиысады.

Психолог Карин Стормсволд мектеп жасына дейінгілердің тіліндегі көмекші етістіктері бар сөйлемдерді талдады. Ағылшын тіліндегі көмекші етістіктердің жүйесі (can, should, must, be, have және do сияқты сөздерді қоса алғанда) грамматистер арасында өзінің күрделілігімен белгілі. Көмекші етістіктердің тек жүз шақтысы ғана дұрыс болатын жиырма төрт миллиардтан астам логикалық мүмкін болатын түрі бар (мысалы, Стормсволд балалардың көмекші етістіктер жүйесіндегі қателерді яғни, ата-анасынан естіген сөйлем модельдерін табиғи жалпылаудағы қателер жіберуде қаншалықты алдануға түсетінін есептемек болды: қателер болуы мүмкін деген 66 000 сөйлем ішінде барлық сөйлеу модельдерінен зерттеуші бір де бір қате таппады.

Үш жасар баланың тілі сан жағынан да, сапа жағынан да дұрыс. Балалар сөздердің еркін орын тәртібін, септіктер мен қиысудың тармақтанған жүйелерін, агглютинативті жұрнақтар тізбегін, септіктердің эргативті көрсеткіштерін және өздерінің қатарластары – ағылшын тілінде сөйлейтіндерден қалыспай, өздерінің ана тіліндегінің бәрін тез игереді. Француз немесе неміс тілдері сияқты грамматикалық айырмашылық бар тілдер – бұл тілдерді үйреніп жүрген шетелдік студент үшін мәңгі азап. Марк Твен «Неміс тілінің сұмдықтары» атты өзінің эссесінде «ағаш ер текті, ондағы бүршіктер – әйел текті, ал жапырақтары – орта текті; жылқыларының жынысы жоқ, иттер ер текті, ал мысықтар, еркек мысықты қоса алғанда – әйел текті», – деп көрсеткен. Жексенбілік мектеп үшін ол неміс тілінің оқулығынан келесі диалогты аударған:

Гретхен: Вильгельм, шалқан қайда?

Вильгельм: Ол (she) ас үйге кетті.

Гретхен: Ал пысық әрі әдемі ағылшын қызметші әйел қайда?

Вильгельм: Ол (it) операға кетті.

Неміс тілін игеріп жүрген кішкентай балалар бұл сұмдықты сезбейді; олар жыныс көрсеткішін тез игеріп алады, қатені аз жібереді және ешуақытта грамматикалық айырмашылықты еркек және әйел жынысымен жалған ұқсастық тудырмайды. Тілде сирек кездесетін және негізінен жазба тілде қолданылатын немесе оларды түсіну үшін ересектердің өзін қиналды-



ратын құрылымдарды (мысалы, The horse that the elephant tickled kissed the pig Піл қыттық-таған ат шошқаны сүйді) есептемегенде, барлық тілдерді төрт жасқа дейін балалар бірдей жеңіл игереді деп сеніммен айтуға болады.

Дегенмен де балалар жіберетін сирек кездейсоқ қателер жиыны болады. Негізінен қателердің грамматикалық логиканы дәл көрсететіні соншалық, балалар оны неліктен жасайды емес, ересектер үшін олар неліктен қате болып естілетіні таңғалдырады. Сіздерге мен жан-жақты зерттеген екі мысалды келтіруге рұқсат етіңіздер.

Баланың бірден көзге ұрып тұрған қатесі – бұл шектен тыс жалпылауы, бала көпше түрін немесе өткен шақ түрін стандарттан тыс тәсіл арқылы жасайтын сөзге стандартты тәсіл арқылы жасалатын, мысалы, көпше түрінің -s жұрнағын және өткен шақтың -ed жұрнағын жалғайды. Сондықтан балалар *tooths* және *mouses* (дұрысы: *teeth* және *mice*) деп айтады және етістіктің келесі формаларын береді:

My teacher holded the baby rabbits and we patted them Менің мұғалімім көжектерді ұстады, ал біз оларды сипадық (бұл етістіктің дұрыс формасы – *held*).

Бұл формаларды біз дұрыс емес деп қабылдаймыз. Себебі ағылшын тілінде өткен шақ формаларын ережеге сәйкес анықтау мүмкін емес, бірақ бірден есте қалуы керек *held*, *heard*, *cut* және *went* (көбісі үндіеуропалық ата-тілден мұраға қалған) сияқты шамамен 180 бұрыс етістік бар. Етістіктің менталды сөздікте берілген, стандарттан тыс қызық формасы бар болғанда, – *ed* өткен шақты жасау стандартты ережесі бұғатталатындай етіп, морфология жасалады: *goed* грамматикалық қате айтылады, себебі оны *went* бұғаттаған. Басқа жағдайларда стандартты ереже еркін қолданылады.

Балалар неліктен мұндай қателер жібереді? Түсіндірмесі жеңіл. Стандарттан тыс формаларды жаттау керек, ал жадыға сенуге болмас; әркез бала бұрыс етістікті сөйлемді өткен шаққа қоймақ болғанда, бос орынды стандартты ереже толтырады. Егер бала *hold* етістігінің өткен шақ формасын қолданғысы келсе, алайда жадысынан *held* таба алмаса, онда әдепкі қалпы бойынша стандартты ереже одан *holded* жасайды. Қажет болған жағдайда олар *gelded* формасын қолдана алады, олар үшін де, жалғасқан ұрпақ үшін де бұл етістік дұрыс болып есептеледі. Бұл психологиялық процесс өзінің әлі қысқа өмірінде *built* соқты өткен шақ формасын сирек естіген кішкентай балаға қатысты болғанымен еш айырмашылығы жоқ; қажет болған жағдайда бала *builded* формасын жасайды. Жалғыз айырмашылық – баланың айналасында *built* қолданып жүрген ересектер. Бала солардың арасында ұзақ тұрып, *built* жиі естісе, менталды сөздікте *built* сөзінің мақаласы мықтырақ болады және әр пайда болған сайын «-ed-ті қос» ережесін өшіріп, жадыға үлкен дайындықпен үміт салады.

Себептерін білдіру үшін ересектер де, балалар да тілдің мүмкіндіктерін кішкене кеңейтеді; тек ересектер бұл үшін етістіктерді баппен таңдайды.

Бұл үш жасар бала – грамматика саласының данышпаны екендігін білдіреді: ол көптеген құрылымдарды шебер қолданады, ережелерді бұзғаннан гөрі, оларға жиі бағынады, тілдік әмбебаптықты құрметтейді, ересек адамдар сияқты орынды қателеседі және де көптеген қателер түрін айналып өтеді. Бұл оның қолынан қалай келеді? Бұл жастағы балалардың басқа әрекет түрін жасауға құзіретті емес екені анық. Біз оларға көлік жүргізуге, дауыс беруге рұқсат бермейміз, мектепке де жібермейміз; моншақтарды көлемі бойынша сұрыптау, бөлмеде болмаған адам онда не болғанын біле алуын болжау; немесе биік емес әрі кең стақанға құйылған сұйықтық енді биік әрі тар стақанға құйылғанынан, оның көлемі өзгермегенін аңғару сияқты талданбайтын тапсырмалар оларды жаңылдыруы мүмкін, яғни балалар мұны тегіс қамтитын алғырлықтың арқасында игермейді. Сонымен қатар, естігеніне еліктеу арқылы да емес, әйтпесе, олар ешуақытта *goed* немесе *Don't giggle me* деп айтпас еді. Грамматикалық құрылым негіздері о баста баланың миында сақталуы ықтимал, дегенмен де балаға ағылшын, кивунджо немесе айну тілдерінің ерекшеліктерін есіне түсіруіне тура келеді. Үш жасар бала қандай да бір тілдің грамматикасын игеруі үшін, қабылданатын білім мен о баста салынған білім өзара қалай ықпалдасуы керек?

Біз қабылданатын білімнің, кем дегенде, басқа адамдардың сөйленісін қамтуы керектігін білеміз. Бірнеше мыңдаған жылдар бойы ойшылдар баланы сөйлеу ортасынан оқшауласса, не болар екен деп ойлап келеді. Тарихшы Геродоттың куәландыруы бойынша, б.д.д. VII ғ. Мысыр патшасы I Псамтик екі жаңа туылған нәрестені аналарынан ажыратып, тыныштықта малшы



лашығында тәрбиелеуді бұйырған. Мәлімдеуі бойынша, екі жылдан кейін малшы балалардан фригий – Кіші Азиядағы үндіеуропа тілінде сөздерді естігенде, патшаның әлемдік ата-тілге қатысты әуестігі қанағаттандырылған. Келесі жүзжылдықта – Римнің негізін салушы атақты Ромула мен Ремадан бастап, Киплингтің «Джунгли кітабындағы» Мауглиге дейін – жабайы табиғатта өскен тастанды балалар туралы тарихта көп жазылған. Кей кезде шынайы болған оқиғалар да көрініс берген. Мысалы, Виктор – Авейроннан шыққан Жабайы Бала (Франсуа Трюффонның қызықты фильмінің сюжетіне айналған) және XX ғ. Үндістаннан шыққан Камала, Амала және Раму. Аңыз бойынша, мұндай балаларды аю немесе қасқыр тәрбиелейді (бұл аймақтағы адамдар неге құрметпен қарайтынына байланысты) және бұл сценарий оқулықтан оқулыққа шынайы факт ретінде көшіріліп жүр, алайда мен бұған күмәнмен қараймын. (Дарвиннің аңдар әлемінде үңгірден баланы тауып алған аю оны жеп қояудың орнына, бақса, онда ол соншалықты ессіз болғаны. Дегенмен кейбір жануарларды басқа баланы салып, алдауға болады, мысалы, көкек – басқа құсқа, қасқырлар мен аюлар – сүтқоректілерді жейтін жыртқыштар, оларды алдап соғуға болмас.) Кейде басқа балалар да қазіргі кезде, оларды шатырдағы қараңғы бөлмеде үнсіз өсірген ата-анасының өнегесіздігінен жабайы болып өсуі мүмкін. Әркез нәтижесі бірдей: балалар мылқау болып өседі және көп жағдайда сондай болып қалады. Туа біткен грамматикалық қабілет қандай болса да, балалардың өздері сөйленіс, сөз және грамматикалық құрылымдарды жасай бастауы үшін, тым үстірт.

Жабайы балалардың мылқаулығы кей жағдайда тіл дамуында қабылданған қабілет туа біткеннен басым түсетінін дәлелдей түседі. Алайда менің ойымша, бұл жауыр болған бөлінуден басқаша ойлайтын болсақ, терең түсінікке қол жеткіземіз.